



"Шығыс Қазақстан мыс-химия комбинаты" акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетінің бір бөлігін сату туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 10 маусым N 724

"Шығыс Қазақстан мыс-химия комбинаты" акционерлік қоғамын қаржылық-экономикалық сауықтыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті бір ай мерзім ішінде "Шығыс Қазақстан мыс-химия комбинаты" акционерлік қоғамы акцияларының 60 процентін Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетіне "Dalex Trading Limited" компаниясының сатуы үшін беретін

болсын.

2. "Шығыс Қазақстан мыс-химия комбинаты" акционерлік қоғамының акциялары мемлекеттік пакетінің сатылмаған бөлігі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетіне қалдырылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі